



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 37.012.3

СПАНДИЯР КӨБЕЕВТІҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИНМЕН ҮНДЕСТІГІ

Кенжеғарина Алмағұл Әлмұханқызы
Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы
E-mail: almagul.k74@yandex.kz
Ибраева Ләйлім Берікқызы
педагогика магистрі
Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушысы
№2 мектеп бөлімінің меңгерушісі
E-mail: lbraeva_lailim@bk.ru
Қостанай қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Берілген мақалада Спандияр Көбеевтің әдеби мұраларының Ыбырай Алтынсаринмен үндестігі қарастырылады.

Түйінді сөздер: әдеби мұра, ағартушы, шығармалар, білім, патриотизм.

Аннотация

В данной статье рассматривается литературная связь между Ибраем Алтынсариным и Спандияром Кобеевым

Ключевые слова: литературное наследие, просветитель, литературные произведения, знание, патриотизм.

Abstract

This article presents the literary heritage between I. Altynsarin and S. Kobbeyev.

Key words: enlightener, literary works, literary heritage, patriotism, knowledge.

Адамзаттың іргелі дамуы – өзекті мәселелердің бірі. Осыған сәйкес әрбір ұлттың өзін – өзі дамыта білуі мемлекеттің басты стратегиясында. Ұлттық құндылықтар парасатпен зерделенген жағдайда ғана ұрпақ тәрбиесіне зор ықпал етпек. Осы бір іргелі мәселе өткен уақыт шеңберіндегі қазақ зиялылығын қатты толғандырады. Аумалы – төкпелі аласапыран уақыт қазақ ұлтының ойшыл педагогтарының мойына бірнеше міндеттерді жүктейді: 1. Ұлттық мүддені сақтау; 2. Халыққа білім беруді ұлттық тәрбиемен ұштастыру, сол арқылы халық бойына білімнің тегіс таралуы; 3. Білім арқылы елді өркениетті елдер қатарына қосу, осы мақсатта халықтың уақыт қажеттіліктерін заман талабына сай игеруге мүмкіндік жасау. Осы міндеттерді орындау оларға ерекеше мән беру, қазақ халқының білімдер болуын Ыбырай Алтынсаринді де қатты толғандырды.

Қазақтың ұлы ағартушысы, көрнекті, ғалым – этнограф, ақын, жазушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі Ыбырай Алтынсарин. Халқымыздың рухани өмірінің тарихында аса маңызды орын алған XIX ғасырдың ортасында қарай қазақ даласында тұлғаланып көрінген үш бәйтеректің ортаншысы. «Ыбырай – өз тайпасының қараңғы көшпелілер арасында Еуропа мәдениетін жазған және Россияға сүйінші әкелген қырғыздар арасында алғашқы білімдер болды». Ыбырай Алтынсарин еңбектері бәрімізге де – әкімдер мен басқа басшыларға, мамандарға ортақ және басшылыққа алып өз ісінде қолдауын табатын дүниелер. Әсіресе білім беру саласындағыларға тікелей қатысты. Осы ғұламаның жолын қуып одан үлгі алып, ұстаз атанған Спандияр Көбеев болды. Бала Спандияр бір неше мектепте оқығаны мәлім. Ол Ыбырай мектебі аталған ауылдық мектепте (1892–1895 ж.ж.), Қостанайдағы екі жылдық орыс – қазақ мектебінде (1895–1897 ж.ж.) дәріс алды. Осылардың ішінде Спандияр үшін шортығы биік білім ордасы – Ыбырай мектебі еді. Бұл мектепке қабылдануында ұлы ағартушының тікелей көмегі, қамқорлығы себеп болды. Бұған айғақ ретінде педагог – жазушының «Орындалған арман» атты мемуарлық шығармасының мына бір үзіндіні келтіре кетейік. [2–7, б. 271 – б. 10]

...Ыбырай менің маңдайымнан сипап, бетіме үңіле қарап:

Оқисың ба? – деді

– Оқимын.

Оқы балам! Жақсы оқы, – деді де, меңгерушіге қарап:

Тізімнен өшірілген болса, қайта жаз. Кедей балалары да оқу керек.

Мына балаға көзінің қырын салып жүргейсің. Сірә, әкесі осы елдің мықтыларына жақпай, зәбір көрген болуы керек, – деді. Мен бұл сөзге қатты қуандым. Қуанғандығым сонша, алдымда тұрған дөңгелек қара сақалды, дембелше келген адамды сүйіп алуға сол минутте әзір едім. Бірақ, балалық, ұялшақтық жеңген мен іркіліп қалдым. Болашағыма жол сілтеген, ілгері жетектеген арманым осы болды. Мен оқуға алындым. Сонымен 1887 жылы 10 желтоқсанда оқу басталды... – деді. Осы деректерге қарап Спандиярдың алдына қойған мақсаты, Ыбырайдың сөзі оған үлкен әсер етті, оны өмір бойы өзгелерге білім нәрін беріп жүру үшін қызметіне бағыттады. С.Көбейұлының шығарма-

шылығына үңіле қарасақ, оның оқуды, терең білімді мұрат тұтқанына көз жеткіземіз. Өзгелерге білім сусынын беріп, ізгілік нұрын себетін ұстаздық жолға түсуді мұғалім болуды арамандайды. Ыбырай өлімі – менің оқытушы боламын деген ынта жігерімді бір жолата баянды етіп бекітті – дейді ол. Сөйтіп ол Алтынсарин ашқан алғашқы ауылдық мектепте кейін, Қостанайда мұғалімдер дайындайтын мектепте оқып бітіреді. 1901 жылдын 1956 қайтыс болғанға дейін бүкіл өмірін ұстаздық жұмысқа арнайды, жас өспірімдерге білім тәрбие береді. Оның еңбегі жоғарғы деңгейде болады.

1903–1905 жылдар ішінде Спандияр Петропавл уезіндегі Нілді болыстық мектебінде істейді. 1905 жылы жазда Омбы қаласында бір айлық ауыл шаруашылық курсында оқиды. Бұдан кейін Петропавлдағы екі сыныптық орыс – қазақ мектебінде орналасады, онда 1910 жылға дейін мұғалім болады. Осы жылдарда (1908–1909) ол өзі Кішіқұмда бастап аударған Қрылов мысалдарын көбейтіп, жөндеп, баспаға ұсынады. Ол аудармалары 1910 жылы Қазанда «Үлгілі тәржімә» деген атпен басылады.

И.А.Қрылов мысалдарын кезінде Абай мен Ыбырай, одан кейін Спандиярдың замандастары А.Байтұрсынов пен Б.Өтетілеуов те аударған. Солардың бәрінің Қрылов мысалдарына жүгінуі кездейсоқ емес еді. Сол дәуірдегі орыс қоғамы мен қазақтың тұрмыс тіршілігінің, олардағы әлеуметтің, зорлық пен әділетсіздіктің ұқсас жақтары да аз болмайтын. Сондықтан қазақ ақындары Қрылов мысалдарын суреттелетін арыстан, аю, қасқыр, түлкі сияқты жыртқыштардың қой – қозы, өгіз тәрізді момын жануарларға жасаған зорлығынан ел өмірінің шындығын таныды, оны тұспалдау арқылы сынауға мүмкіндік алды. Қаладан шалғайда, қараңғылықтың қаймағы бұзылмаған заманда Ыбырай Абайдың ауыл сияқты жерлерде Спандияр Көбеевте осы тәрізді сорақылықтарға ұшырасты. Оларды жас ақын Қрылов үлгісімен сынауға тырысты. Мұның бәрі заманның талабы еді. Зорлық пен әділетсіздік қана емес, надандық пен тоғышарлық, мақтаншақтық пен көрсеқызарлық, әлін білмей, қолдан келмес іске ұмытушылық сықылды өрескел қылықтарды да С.Көбеев Қрылов мысалдарын аудару арқылы сынға алған. Спандиярдың Қрыловтан аударған, «Үлгілі тәржімә» жинағында басылған мысал өлеңдері мыналар еді: «Өтірікші», «Аң ауласқан қоян», «Емен мен тал шыбық», «Шал мен өлім», «Қасқыр мен тырна», «Маймыл мен айна», «Қасқыр мен мысық», «Шымшық пен көгершін», «Маймыл мен көзілдірік», «Аққу, шортан, һәм, шаян», «Көлбақа мен өгіз», «Қарға мен түлкі», «Аңға шыққан арыстан», «Маймылдар», «Аю мен мүсәпір шал», «Қасқыр мен қозы», «Құмырсқа мен шегіртке», «Түлкі мен жүзім жемісі», «Екі көгершін», «Өтеш пен меруерт тас», «Арыстан мен сары масалар», «Арыстан мен кісі», «Есек пен сандуғаш», «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Пәлеге ұшыраған қарашекпен», «Қасқыр мен кісі», «Арыстан мен тышқан», «Екі төбет», «Ұқыпты достар», «Хакім тілеген көлбақалар», «Көлбақалар», «Қомағай ит», «Етікші мен бір бай кісі», тағы басқалар [3, б.б. 54–64]

«Ұстаз болып, өз халқыма қызмет ету осы жұмысқа өз өмірімді арнау мен үшін үлкен бақыт» – дейді. Ол сөзінде тұрды өмірінің соңғы күндеріне дейін қол үзген жоқ. Спандияр жалаң мағынасындағы ұстаз болған жоқ, қоғамдық ағартушылықты биікке көтере жүргізді. 55 жыл бойы 55 мың минуттан астам сағатта бала оқытып, өзінше пайымдаған бақытқа ие болды. Жасынан Ыбырайдың ағартушылық, ұстаздық жолын үлгі тұтқан Спандияр балаларды Ыбырай әдісімен орысша оқытады. Өз ұстазына еліктеген Спандияр ұстазының педагогикалық ағартушылық идеясын жүзеге асыра бастайды. Бос уақытында ауыл адамдарын жинап, оларға табиғат, география, тарих сияқты ғылым негіздерінен түсінік береді, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен әңгімелер айтып отырады.

«Мен Пушкин, Лермонтов сияқты ақын – жазушылар шығармаларының мазмұнын айтып түсіндірді, әсіресе Қрыловтың мысалдарын көбірек оқып, аудардым» – дейді, сөйтіп ол орыс әдебиетімен мәдениетінің белгілі насихатшысы болады. Ол аударма арқылы қазақ оқушыларына игі ой салу мақсатын көздеді. С.Көбейұлы Абайдың, Ыбырайдың негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеясын әрі қарай жалғастырады. Жазушы аңдарды, құстарды, өсімдіктерді адам бейнесінде суреттей отырып, сол кездегі теңсіздікті, үстемдік, жағымсыз қылықтарды өлтіре әшкерлеп, халықты, әлсіздерді жақтайды, зорлық жасамауды уағыздайды.

Қай елдің қай дәуірдің әдебиеті болмасын, жалпы әдебиет тарихы дәстүрмен жалғасудың, дәстүрмен жаңашылдық тарихы. В.Белинский айтқандай, әдебиетте көктен түсетін нәрсе жоқ, белгілі бір құбылыс, екінші құбылыстың жалғасуы мен жаңаруы т.с. Мәселен, оны тек байқай және бағалай білуде. Осы сөзде үлкен мән жатыр Спандияр Ыбырайдың тура жолын жалғастырушысы, шәкірті. Жазушы Спандияр Көбеевтің шығармашылық өмірі әдебиетіміздің тарихында оның арғы – бергі кезеңдерін бір – бірімен шебер жалғастырудың, әдебиет теориясының тілімен айтсақ, әдебиеттегі дәстүр мен жалғастықтың әрі жаңашылдықтың бір сәтті үлгісі осы емес пе? Спандиярдың алдымен ауылдық мектепте, кейін мұғалімдік курста оқып, бітірген соң алыс ауылға ұстаздық мақсатпен кетуінің өзі алдағы ағартушылық дәстүрге (Алтынсариннен қалған) адалдығының айқын белгісі еді. [6, б.б. 12–15.]

Ұлы – ағартушы – демократтар Ы.Алтынсарин мен А.Құнанбаевтың көздерін көрмесе ұлағатты сөздері – шығармаларымен сусындап, олардың ұстаздық ісін, ақындығымен аудармашылығын ХХ ғасырдың басында азаматтық жүрегімен қабылдап алып жемісті жалғастырған қазақ халқының аса талантты перзенті болған, қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын тарландардың бірі Спандияр

Көбеевтің есімі қашан да болсын уақыт сынынан мүдірмей өтіп, өзінің туған халқымен бірге жасасып келеді. Оның өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан – тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады.

Абай мен Ыбырай және Ыбырайдың шәкірті Спандияр қазақ халқының сауат ашуына, педагогикалық жағынан құнды әдістер қалдыруына, өздерінің жан – жақтылығымен балаға деген сүйіспеншіліктерінің арқасында оқу үрдісіндегі рөлдері өте – мөте ерекше. Әрбір Ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескіrmес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып «жол болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын, биіктей, мән – маңызы мен қадір – қасиеті арта түседі. Абай мен Ыбырай және Спандияр қазақ ағартушыларымыздың демократиялық мәдениетімізді қалыптастырып дамытудағы алатын орны мен сіңірген еңбектері өте зор. Дәл осы ағартушылардан бастап құлазыған меңіреу даланың әр жерінен ғылыми – философиялық, демократиялық және поэзиялық мәні терең, тамаша ой – пікірлер жалт етіп көрініп, жауқазындай өмір сүре бастады, далаға жаңаша үн, тың леп келді.

Абай мен Ыбырай және шәкірті Спандиярдың шығармалары бір – бірімен үйлесіп отыр. [4, 5, б.б 14–7]

Үшеуі де дүниеге ағартушы болып келді. Өмір жолындағы негізгі қызметі ағартушылық болған Ыбырай қазақ балаларын тұңғыш рет зайырлылық бағыттағы мектепте дүниәуи пәндерді оқытатын мұғалім ретіндегі алғашқы дәрісін өлеңмен бастағанда, бүкіл жан дүниесімен тебіреніп тұрып, алдымен аузына алласын алады.

Бір Аллаға сыйынып,

Мұнтаздай боп киініп.

Ұстаздарға иіліп,

Кел, балалар, оқылық, –

деген жолындағы сөзін айта отырып, тарихи іске алланың жар болуын тілейді, жас өспірімдерге сол ойды ұғындырмақ болған.

Істің болар қайыры,

Бастасаңыз аллалап, –

деген сөздер осының дәлелі. Бұдан әрі ұстаз жас шәкірттерінің жаңа есейіп келе жатқан ақыл санасы жетер деңгейден толғап, адам өміріндегі пайдасын түсіндіреді:

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар.

Тілегінің алдыңнан

Іздемей – ақ табылар

Абай Құнанбаевтың да өмірлік мұраты ақындық еді ғой. Сондықтан алғаш рет айтар ойын өлеңмен жеткізбек болғанда, ол да алдымен алланы ауызға алады:

Патша Құдай, сыйындым,

Тура бастап өзіңе...

Арғын, Найман жиылса

Таңырқаған сөзіме

Қайран сөзім қор болды

Тобықтының езіне...

Осы өлең жолдарында болашақ ұлы ақын Абайдың бүкіл бейнесі тұр. Ары бармай – ақ, оның ағартушылық қабілет көруге болады.

Ал, шәкірт Спандияр «Мектепке шақыру» деген өлеңде:

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,

Мәз болмай деген сөзге, мырза ерке,

Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,

Зат емес, надан кісі алар текке.

Ертеңгі шақыруымен өтеш құстың,

Халықтар кетіп жатыр егіндікке.

Күн шығып, терезеге сәуле түсті,

Тұрыңыз, жарамас тек уақыт өтсе,

– деп, тым әсерлі, жұмсақ сөздермен ұйқысынан оятып, баланы мектепке кетуіне дайындайды. Ата – ананың балаға деген мейірімін, шын ықыласын білдіреді. Өлеңнің осылай басталған жалғасы бұдан да әсерлі сөздермен баланың ой санасына қозғау салады. Бал жинаған ара мен қалбандап ұшқан көбелек те, жүрген аң да, ұшқан құстың бәрі де әрекет үстінде. Бәріде тыным таппай қажетіне жарайтын мүлікті іздеп табу қамында, өз міндетін атқаруда деп, жанды теңеулермен салыстырулар арқылы баланы оқуға өнер – білім жолына қызықтырады. Баларды сауат ашуға үндейді және Ыбырай мен Абай сияқты аузынан алланы алуын ұмытпайды. Осыған орай «Айқап» журналында сауалдарға жауап деген бөлімінде сауалдарға былай деп жауап береді. Сұрақ: «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?» жауап: Адамға тіршіліктің ең керегі алланы тану үшін. Сұрақ: «Ең жақсы

адам не қылған кісі? Жауап: Алланы таныған ең жақсы кісі болу керек делінген. Осы жерде үшеуінің де әр түрлі қоғамда өмір сүруіне қарамастан, бір бағытта жұмыс жасап ағартушылыққа, алланы тануға, білімге шақыруға көп ұқсастық, бірегейлік, үндестіктер бар. [4, б.б. 178–196]

С.Көбеев кеңестік білім беру жүйесінде ұлт мектептерінің мүддесін басты орынға қойды. Оның ойынша ұлт мектептерінде ең алдымен ана тілінде сауат ашу мәселесі қолға алыну қажет. Дәлеле келтірер болсақ, «Сабақты баланың табиғи ана тілінде түсіндіру жас өспірімнің ақыл – ой дүниесіне, сезім – қиялына күшті әсер етеді. Көркем сөз зергерінің бояулы да сырлы асқақ та әсем, кестелі де айшықты мағыналы да сөз бедерелері оқушыларға өмір құбылыстарын, табиғи көрінісі, адамдар арасындағы түрлі қарым – қатынастарды, дүние танымын дұрыс қалыптастырады. Оқушыны ана тілінде жазылған әңгіме, өлеңдер арқылы оқыту халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет – ғұрып, рухани өмірмен, арман мүддесімен таныстырып патриоттық сезімін оятады. Сондықтан ауылдық, болыстық мектептерде дәрісті қазақ тілінде жүргізу керек» – деген тағылымдық ойлар ерекше маңызды болды., – деген мазмұндағы жолдар ұлтжанды зиялының негізгі мақсатын көрсетеді. 1912 жылы Қазан қаласында басылып шығарылған, арап әріпімен жазылған «Үлгілі бала» атты оқу кітабы Ы.Алтынсариннің үлгісімен құрастырылған хрестоматия еді. Оған кіші мектеп жасындағы балалардың оқуына жеңіл, шағын әңгімелер, ертегілер табиғат және оның құбылыстары, өсімдік жануарлар дүниесі жөніндегі мәліметтер кіргізілді. Автордың «Үлгілі бала» хрестоматиясын құрсытырғандағы негізгі ойлаған мақсат, көздеген нысаны – жас ұрпақты өнер – білімге, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу болған. С.Көбеев мұғалімнің беделі туралы қазіргі күнге пайдасы зор құнды пікірлер қалдырған. Мәселен, «әрине алғырлық та, тапқырлық та, ептілік те, икемділік те, табандылық та қажет. Бұлар оқытушының беделі болуының құралы болуы тиіс. Халық оқытушыны өзінің шын досы, ақыл айтар данасы, қараңғыда сәуле шашар шам – шырағы деп білуі керек. Мұның үшін оқытушы ең алдымен өз оқушыларының алдында беделді болуы қажет. Оның бір негізгі шарты – оқытушының өз дәрісін жақсы меңгерген адам болуы былай тұрсын, оның берген сабағы оқушыға әрі түсінікті, әрі қонымды болуы қажет. Оқытушы әр бір сабаққа жақсы дайындалуы керек», – деген идеялары қазіргі ұстаз бейнесінің қалыптастыру үшін де аса қажет. Оның айтуынша оқытушының беделді болуы, оқудың сапалы болуы оқушылардың тиянақты білім алып, саналы тәрбиеленуін қамтамасыз етеді.

С.Көбеев мұғалім беделін көтерудің төмендегідей үлгілерін ұсынады:

- Қоғамдық жұмыстарды белсенді атқару қажет
- Педагогика ғылымын егжей – тегжейлі білуге міндетті.
- Мұғалім өз пәнің өте жақсы білуімен қатар, басқа пәндерден хабардар болғаны жөн.
- Ол сыныптың құрамын, әр баланың жеке бас ерекшелігін зерттеп үйренген дұрыс.
- Балалар ұжыммен қоян – қолтық араласып, оларға талаптар қойып, олардың орындалып отыруын бақылауға міндетті.
- Мұғалім жүріс – тұрыс, киген – киімі, сөйлеген сөзі арқылы үлгі болуы керек.
- Мұғалім баланы жақсы көру қажет.

Қостанай педагогикалық колледжінің оқытушыларының атамыздың әдістерімен, шығармашылығымен С.Көбеевтің өзіндік бір педагогикалық идеясын ұстанғанын байқадық. Өлеңдерін талдай отырып, оқығанда жазушының астарлап айтқан аудармалары бүгінгі қоғамға пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Бұл жөнінде С.Көбеев «Орындалған арман» атты мемуарлық кітабында өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі жайында жаза отырып «кез келген адам ұстаз болмауы керек, оны жүрекпен ұғатын, бар күш жігерін аямайтын, балаларды жүрегімен сүйетін жан болуы керек деген». Атамыздың осы сөзіне көңіл бөлер болсақ, қазіргі заманда мектеп бітіріп оқуға түсетін жастарымыз көп жағдайда мамандық таңдауда жүрек қалауларымен келмейтіндіктерінде жасырын емес. Сондықтанда колледж ұжымы мұғалім мамандығына жастарды дайындықпен, мамандықтың сырын түсіне білетін жастарды алу мақсатында үздіксіз білім беру жүйесін қолға алды. Көбеев идеясын жалғастыруда Мысалы: 9 сынып негізінде оқушыларға білім беріп, болашақ мұғалімдік мамандыққа бағыттады, кәсіби білім бере отырып, ауыл мектептері үшін сапалы маман дайындауға күш салады, ЖОО – гуманитарлық институтта мамандық бойынша қысқа мерзімде жоғары білім алады. Қазақ әдебиеті саласында қалдырған осы тәрізді бағалы мұралары арқылы Спандияр Көбеевтің есімі қазақ әдебиеті тарихында қашанда құрметпен аталады. Спандияр Көбеевті тану тек халықтың, қоғамның, ғылымның ғана міндеті емес, оны оқып үйрену өзін мәдениеті, білімді санайтын әрбір азаматтың парызы, оның ұлттық көркемдік түсінігін тәрбиелеумен өсудің бірден – бір құралы.

Шығыс мақалында, былай дейді: «егерде есімің өмірде мәңгі сақталсын десең адам тәрбиесімен айналыс». С. Көбеев те барлық ғұмырын балаға арнаған. Және шығармаларында үлкен тәрбиелік мәні бар өшпейтін маңызды, құнды ғибратты мұрасы жатыр. Сол себепті де оның есімі мен ісі бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгілікке сақталуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бержанов Қ., Мусин С. «Педагогика тарихы»
2. Жақсанов О., Ыбырайдың жолын құған зерделі шәкірт // Қостанай, 2008 11 қараша 7 б.
3. Көбеев С., Орындалған арман, А., 1988, 271 б.

4. Қазақ әдебиетті Қабдолов З., Қирабаев С. XX ғасыр басындағы әдебиеті 54–64 б.б.
5. Қазақ әдебиеті Мырзалиев С., Қирабаев С., Алматы 2001 жыл 178–196 б.б.
6. Қирабаев, С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2. Т. Сын мақалар мен зерттеулер. Алматы. 1992.
7. Рысбеков Қ., Әлмес мұра қалдырған // Қазақстан мұғалімі, 2004 жыл 30 қазан 10 б.

ӘОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ АТҚАРАТЫН РОЛІ

*Кенжеханова Бакытгуль
экономика ғылымдарының магистрі
бастауыш сынып мұғалімі
Султанова Кымбат Сапабековна
бастауыш сынып мұғалімі
Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі
Қостанай қаласы, Қазақстан
E-mail: bahyt_91kz@mail.ru*

Аңдатпа

Қазіргі кезеңде қоғам өмірінің демократияландыру, ізгілендіру, бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту, бәсекеге қабілетті қоғам мүшелерін тәрбиелеу барысында Қазақстан Республикасында елеулі, оңтайлы өзгерістер пайда болып, жүзеге асырылуда. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» қолдау тауып, үлкен іс – әрекеттер орындалып, жасампаздық пен жаңарулар туындап, барлық салаға дамыту алып келу кезеңінде, білім беру ұйымдарының оқу – тәрбие үрдісіне жауапкершілікті, талапты туындатады. Қазіргі кезде балалардың рухани – адамгершілік дамуын теориялық негіздеп, педагогикалық алғышарттарын сұрыптап, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тәрбиелік мәні зор екенін дәріптеп, анықтап, айқындау.

Түйінді сөздер: құндылық, жаһандану, педагогика.

Аннотация

В настоящее время в процессе демократизации, гуманизации общества, развития конкурентоспособной экономики, воспитания конкурентоспособных членов общества в Республике Казахстан происходят значительные позитивные изменения. Поддерживается «Казахстан на пути быстрого экономического, социального и политического обновления», осуществляется большая деятельность, зарождаются творчество и инновации, а в период привнесения развития во все сферы создается ответственность и востребованность образовательного процесса образовательные организации. В настоящее время теоретически обосновать духовно – нравственное развитие детей, разобраться в педагогических предпосылках, прославить, выявить и уточнить большое воспитательное значение произведений Ыбырая Алтынсарина.

Ключевые слова: ценность, глобализация, педагогика.

Abstract

Currently, in the process of democratization, humanization of society, development of a competitive economy, education of competitive members of society in the Republic of Kazakhstan, significant positive changes are taking place. “Kazakhstan is on the path of rapid economic, social and political renewal” is supported, a lot of activity is carried out, creativity and innovation are born, and in the period of bringing development to all areas, educational organizations create responsibility and demand for the educational process. At present, to theoretically substantiate the spiritual and moral development of children, to understand the pedagogical prerequisites, to glorify, identify and clarify the great educational value of the works of Ybyray Altynsarın.

Key words: value, globalization, pedagogy.

Осыған орай қазіргі кезде жаһандану және ұлттық дамудың әсерлігі мен ынтымақтастықты, ұлттық қасиетімізді қастерлеу барысында адамның рухани – адамгершілік қасиеттерін сапаландырып, ар – намысын шыңдау, әсіресе, адамның бойында құндылықты, отаншылдықты, ұлтжандылықты қалыптастыру міндеті тұр.

Оқушылардың рухани – адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың мәнділігі, біріншіден, барша саланың ғаламдануы, екіншіден телекоммуникация, ақпараттық, интернеттік байланыстардың артуы, үшіншіден рухани жаңару, тазару, сондай – ақ азғынданудың да қатарласа дамуы мүмкін. Жеткіншіктердің санасын түрлі жолдармен ұландыру тәрбие жұмыстары әлеуметтерінің әлсіреуі, нашақорлық, жұмыссыздық, тастанды балалар санының көбеюі, кейбір сапалардың төмендігі де ықпал жасайды. Әсіресе, қазіргі жастарды теріс жолға түсіретін, санасын бұзатын мәселелердің бірі – дүниеқұмарлық. Нарық заманы бай етсе, біреуді кедейлендіріп, дүниенің қызығы адамгершілік міндеттерінен ажыратуға себеп болады. Болашағымыз – жеткіншектерге адамгершілік құндылықтарын: білімділік пен тәрбиелілік, еңбекшілдік пен әдептілік, ар – намысшылдық, отаншылдық пен